


БЕКІТЕМІН
«Shakhmardan Yessenov Foundation
ғылыми білім беру қоры» жеке қорының
Атқарушы директоры

А.Т. Малишева
«10» қыркүйек 2026 ж.



ЕРЕЖЕ

«Yessenov IELTS Pro» бағдарламасының байқауы SHAKHMARDAN YESSENOV FOUNDATION

I. Жалпы ережелер

- 1.1. «Yessenov IELTS Pro» конкурстық бағдарламасын (бұдан әрі – «Бағдарлама») «Shakhmardan Yessenov Foundation ғылыми білім беру қоры» жеке қоры (бұдан әрі – «Қор») өткізеді және қаржыландырады.
- 1.2. Бағдарлама қатысушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыруға және оларды магистратура, PhD және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің басқа да бағдарламалары бойынша оқуын жалғастыру мақсатында IELTS халықаралық емтиханын тапсыруға даярлауға бағытталған.
- 1.3. Бағдарлама аясында IELTS халықаралық емтиханына дайындық курсы бойынша тегін онлайн оқуға 80 (сексен) білім беру грантынан артық берілмейді.
- 1.4. Осы Ережеге сәйкес грант – конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша Бағдарлама жеңімпазына IELTS халықаралық емтиханына дайындық бағдарламасы бойынша оқу ақысын төлеу үшін Қор ұсынатын қаржылық қолдау. Грант беру талаптары осы Ережеде және Қор мен Бағдарлама жеңімпазы арасында жасалатын тиісті шартта айқындалады.
- 1.5. Конкурстың серіктесі әрі оқыту компаниясы – Ұлыбританияның жетекші тіл орталығы «Bonas MacFarlane Education».
- 1.6. Ағылшын тілі курстарын «Bonas MacFarlane Education» тіл орталығының оқытушысы, оның ішінде ағылшын тілін ана тілі ретінде меңгерген оқытушы жүргізеді. Курстар қатысушыларды IELTS халықаралық емтиханын тапсыруға даярлауға бағытталған. Сабақтар **2026 жылғы қарашадан 2027 жылғы мамырға дейін 7 (жеті) ай** бойы аптасына кемінде 2 (екі) рет өткізіледі.
- 1.7. Оқу қорытындысы бойынша Қор Бағдарламаның **25 (жиырма бес) үздік қатысушысын** қосымша айқындайды. Олардың IELTS емтиханын тапсыру ақысы Қор қаражаты есебінен төленеді.
- 1.8. Бағдарлама жеңімпаздары ашық конкурс негізінде іріктеледі. Конкурс жылына 1 (бір) рет өткізіледі.

II. Қатысушыларға қойылатын талаптар

- 2.1. Конкурсқа өтінімдерді қабылдау аяқталатын күнге 18 (он сегіз) жасқа толған, күндізгі оқу нысаны бойынша бакалавриатта, магистратурада немесе докторантурада білім алып жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ осы Ереженің 2.2–2.3-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келетін жұмыс істеп жүрген мамандар қатыса алады.

2.2. Бағдарламаға мынадай бағыттар* бойынша білім алып жүрген бакалавриат студенттері, магистранттар мен докторанттар, сондай-ақ жұмыс істеп жүрген мамандар қатыса алады:

- жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары;
- денсаулық сақтау.

** Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышына сәйкес (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген).*

2.3. Қатысушыларға қойылатын міндетті талаптар:

2.3.1. ағылшын тілін меңгеру деңгейі – **B1 деңгейінен төмен емес;**

2.3.2. толық оқу кезеңінен өтуге дайын болуы;

2.3.3. бағдарлама талаптарын және Қормен жасалған шарттың талаптарын сақтауы.

2.4. Үміткердің ағылшын тілін меңгеру деңгейі оның өзін-өзі бағалауы, қолданыстағы тілдік сертификаты туралы мәліметтер (бар болған жағдайда), сондай-ақ Бағдарлама бойынша оқу басталғанға дейін конкурстық іріктеу аясында өткізілетін тестілеу нәтижелері негізінде айқындалады.

2.5. Қатысушының белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі оны конкурсқа қатысуға жібермеуге немесе тиісті кезеңде Бағдарламадан шығаруға негіз болып табылады.

III. Конкурсқа қатысу тәртібі

3.1. конкурсқа қатысу үшін:

3.1.1. қордың yessenovfoundation.org интернет-сайтында онлайн-өтінімді толтыру;

3.1.2. өтінімге мыналарды қоса беру қажет:

Міндетті құжаттар:

1) жеке куәліктің көшірмесі;

2) **«IELTS сертификатын алу менің кәсіби даму бағытыма қалай әсер етуі мүмкін?»** тақырыбындағы эссе (көлемі – 700 (жеті жүз) сөзден аспауы тиіс).

Қосымша құжаттар:

1) ғылыми жетістіктерді растайтын сертификаттар/дипломдар – 2 (екі) данадан аспауы тиіс;

2) қоғамдық белсенділік пен волонтерлік қызметті растайтын сертификаттар – 3 (үш) данадан аспауы тиіс;

3) жарияланымдар – 2 (екі) данадан аспауы тиіс;

4) ғылыми жетекшінің/кафедра меңгерушісінің ұсыным хаты – 1 (бір) данадан аспауы тиіс;

5) соттылығының болуы/болмауы туралы анықтама.

***Қор сертификаттардың шектеулі санын ғана қарайды. Үміткер өз жетістіктерін барынша толық әрі айқын көрсететін сертификаттарды өзі іріктеуі тиіс.**

3.2. Қосымша құжаттарды ұсыну міндетті емес, алайда олар өтінімдерді қарау барысында ескеріледі.

3.3. Өтінім беру арқылы үміткер:

3.3.1. бағдарлама талаптарымен және осы Ережемен танысқанын растайды;

3.3.2. конкурсқа қатысу талаптарын қабылдайды;

3.3.3. осы талаптармен келісетінін білдіреді;

3.3.4. конкурсқа қатысу мақсатында ғана өзінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және сақтауға келісім береді.

3.4. Қор қатысушылардың дербес деректерін Конкурсты өткізуге, Бағдарламаны іске асыруға, шарттық міндеттемелерді орындауға, оқу нәтижелерін есепке алуға, сондай-ақ тиісті келісімде көрсетілген өзге де заңды мақсаттарға қажетті көлемде ғана жинайды және өңдейді.

3.5. Дербес деректерді өңдеу, сақтау, беру және жою тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қордың ішкі құжаттарына және дербес деректер субъектісінің тиісті келісіміне сәйкес айқындалады.

IV. Конкурсты өткізу мерзімдері

Бағдарламаның негізгі кезеңдері мынадай мерзімдерде өткізіледі:

- 4.1. Конкурстың жариялануы: **2026 жылғы 22 қыркүйек.**
- 4.2. Өтінімдерді қабылдау: **2026 жылғы 21 қазанға дейін (қоса алғанда).**
- 4.3. Конкурс нәтижелерін жариялау: **2026 жылғы 3 қараша.**
- 4.4. Оқудың басталуы: **2026 жылғы 4 қараша.**
- 4.5. Бағдарлама бойынша оқудың аяқталуы: **2027 жылғы 28 мамыр.**
- 4.6. IELTS емтиханын өткізу: **2027 жылғы 12 маусымнан кешіктірмей.**

V. Бағдарлама бойынша конкурстық іріктеу кезеңдері

Бірінші кезең

5.1. Өтінімдер Қордың yessenovfoundation.org интернет-сайтында **2026 жылғы «22» қыркүйектен «21» қазанға дейін** қабылданады. **Өтінімдерді қабылдау 2026 жылғы «21» қазанда Астана қаласының уақыты бойынша сағат 15:00-де (GMT+5) аяқталады. Белгіленген қабылдау мерзімінен кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды.**

5.2. Өтінім мен эссені қазақ, орыс немесе ағылшын тілінде толтыруға болады. Құжаттар (сертификаттар, дипломдар, ұсыным хаттар және т.б.) түпнұсқа тілінде қабылданады.

5.3. Конкурсқа құжаттарды ұсыну үміткердің Бағдарламаның мақсаттарын қолдайтынын, осы Ережеде белгіленген Конкурсты өткізу талаптарының барлығымен келісетінін және оларды толық көлемде орындауға дайын екенін білдіреді.

5.4. Қор өтінімде және оған қоса берілген құжаттарда көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын тексеруге құқылы. Дәйексіз мәліметтер анықталған жағдайда, Қор өтінімді қараудан бас тартуға немесе осы Ережеге сәйкес өзге де шаралар қолдануға құқылы.

5.5. Белгіленген мерзімде келіп түскен барлық өтінімдерді Қор қызметкерлері мен тәуелсіз сарапшылар **2026 жылғы «27» қазанды қоса алғандағы мерзімде** қарайды және бағалайды.

5.6. Белгіленген мерзімде келіп түскен барлық өтінімдерді Қор қызметкерлері мен тәуелсіз сарапшылар **2026 жылғы «27» қазанды қоса алғандағы мерзімде** қарайды және бағалайды.

5.7. Бірінші кезең аясында Қор қызметкерлері және/немесе тәуелсіз сарапшылар үміткерлердің өтінімдерін бағалайды. Бірінші кезеңнің жеңімпаздары өтінімде ұсынылған мәліметтердің, эссенің және қосымша құжаттардың сапасына қарай рейтингтік бағалау негізінде айқындалады.

5.7.1. Өтінімдерді бағалау кезінде мынадай критерийлер ескеріледі:

1) **үміткердің уәждемесі** – IELTS сертификатын алудағы мақсатының нақты тұжырымдалуы және оның үміткердің одан әрі білім алуына және/немесе кәсіби дамуына ықпал етуі;

- 2) **үміткер мақсаттарының Бағдарлама мақсаттарына сәйкестігі** – магистратураға, докторантураға (PhD) түсу, халықаралық білім беру, ғылыми және кәсіби бағдарламаларға қатысу немесе одан әрі кәсіби даму үшін ағылшын тілін меңгеру мен IELTS сертификатын алуға негізделген қажеттіліктің болуы;
- 3) **эссенің сапасы** – мазмұндылығы, ойдың қисынды әрі жүйелі баяндалуы, дәйектілігі, ұсынылған мақсаттар мен жоспарлардың нақтылығы, жұмыстың өз бетінше орындалуы. Эссе міндетті түрде плагиатқа тексеріледі;
- 4) **үміткердің білім алу және кәсіби даму бағыты** – қазіргі білімінің және/немесе кәсіби қызметінің осы Ережеде белгіленген бағыттарға сәйкестігі;
- 5) **үміткердің толық оқу курсынан өтуге дайындығы** – Бағдарламаның ұзақтығы мен оқу қарқынын түсінуі, сабақтарға тұрақты қатысуға, оқу тапсырмаларын орындауға және Бағдарламада көзделген тестілеулерден өтуге дайын болуы;
- 6) **Бағдарлама нәтижелерін іс жүзінде пайдалану әлеуеті** – үміткердің іске асыру үшін ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыруды және/немесе IELTS сертификатын алуды қажет ететін нақты білім алу және/немесе кәсіби жоспарларының болуы.

5.7.2. Осы Ереженің 3.1.2-тармағында көзделген қосымша құжаттар өтінімді бағалау кезінде үміткердің білім беру, ғылыми, кәсіби және қоғамдық жетістіктерін растайтын құжаттар ретінде ескеріледі.

5.7.3. Үміткер көрсеткен ағылшын тілін меңгеру деңгейі және ұсынған тілдік сертификаттары бірінші кезеңде оның Бағдарлама талаптарына сәйкестігін алдын ала растау мақсатында ескеріледі. Ағылшын тілін меңгерудің нақты деңгейі екінші кезеңнің нәтижелері бойынша айқындалады.

5.7.4. Бірінші кезеңнің бағалау нәтижелері бойынша үміткерлердің рейтингі қалыптастырылады. Өтінімдерді бағалау нәтижесінде ең жоғары балл жинаған **120 (жүз жиырма) үміткерден аспайтын** қатысушы екінші кезеңге өтеді.

Екінші кезең – тестілеу

5.8. Екінші кезең **2026 жылғы «30» қазанда** онлайн-тестілеу форматында өткізіледі.

5.8.1. Онлайн-тестілеу 40 (қырық) сұрақтан тұрады, оларды орындауға 60 (алпыс) минут беріледі. Тестілеу онлайн форматта өткізіледі. Сұрақ түрлеріне бір жауап нұсқасын таңдау, бірнеше жауап нұсқасын таңдау, ашық сұрақтар (жауапты еркін мәтін түрінде енгізу) жатады, бірақ олармен шектелмейді.

5.8.2. Екінші кезеңде мыналар бағаланады:

- 1) ағылшын тілінің грамматикасын білу деңгейі (Grammar);
- 2) сөздік қоры және лексиканы мәнмәтінге сай дұрыс қолдану қабілеті (Vocabulary);
- 3) ғылшын тіліндегі жазбаша мәтінді түсіну және мәтіндік ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті (Reading);
- 4) ғылшын тіліндегі мәтіннің мазмұнын, құрылымы мен логикасын түсіну;
- 5) әртүрлі тапсырмаларды орындау барысында ағылшын тілі бойынша білімін қолдана білу қабілеті;
- 6) ағылшын тілін меңгерудің жалпы деңгейі және оның IELTS емтиханына дайындық курсынан тиімді өту үшін қажетті ең төменгі деңгейге сәйкестігі.

5.9. Үміткерге байланысты емес және онлайн-тестілеуден өтуге немесе оны аяқтауға кедергі келтіретін техникалық ақау туындаған жағдайда, үміткер бұл туралы Қорға дереу хабарлауға міндетті. Қор үміткерге тестілеуден қайта өту мүмкіндігін беруге немесе конкурстық іріктеудің объективтілігін қамтамасыз ететін өзге де шешім қабылдауға құқылы.

- 5.10. Қажет болған жағдайда Қор өтінімде ұсынылған мәліметтерді нақтылау және үміткердің Бағдарлама талаптарына сәйкестігін бағалау мақсатында жекелеген үміткерлермен қосымша тестілеу және/немесе сұхбат өткізуге құқылы.
- 5.11. Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша конкурстық іріктеуге қатысқан үміткерлердің қорытынды рейтингі қалыптастырылып, Бағдарлама бойынша білім алу құқығына ие болатын **80 (сексен) қатысушыдан аспайтын** жеңімпаздар айқындалады. Қатысушылардың нақты санын Қор келіп түскен өтінімдердің саны мен сапасын ескере отырып, конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша айқындайды және оны Қордың Сараптамалық кеңесі бекітеді.
- 5.12. Конкурстық іріктеуден өткен тұлға Бағдарламаға қатысудан бас тартқан немесе Қор белгілеген мерзімде қажетті құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Бағдарламаға қатысу құқығы қорытынды рейтингке сәйкес келесі үміткерге берілуі мүмкін.
- 5.13. Бағдарлама жеңімпаздарының тізімі Қордың yessenovfoundation.org интернет-сайтында **2026 жылғы 3 қарашадан кешіктірілмей** жарияланады.
- 5.14. Конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша Қор Бағдарлама жеңімпаздарының қатарына енген, алайда конкурстық іріктеудің белгіленген кезеңдерінен сәтті өткен үміткерлер арасынан резервтік тізім қалыптастыруға құқылы.
- 5.15. Үміткерлер конкурстық іріктеу нәтижелері бойынша қалыптастырылған қорытынды рейтингке сәйкес резервтік тізімге енгізіледі.
- 5.16. Бағдарлама жеңімпазы қатысудан бас тартқан, Қор белгілеген мерзімде қажетті құжаттарды ұсынбаған, Бағдарламадан шығарылған немесе Бағдарламада орынның босауына әкеп соғатын өзге де жағдай туындаған кезде, Қор резервтік тізімдегі үміткерге Бағдарламаға қатысу құқығын беруге құқылы.
- 5.17. Бағдарламаға қатысу құқығы резервтік тізімдегі үміткерлерге қорытынды рейтингтегі орнына сәйкес, ең жоғары орында тұрған үміткерден бастап кезекпен беріледі.
- 5.18. Резервтік тізімдегі үміткерге Бағдарламаға қатысу құқығы берілген жағдайда, оның конкурстық іріктеуден және/немесе тестілеуден қайта өтуі талап етілмейді.
- 5.19. Резервтік тізім Бағдарлама іске асырылатын ағымдағы оқу жылы ішінде немесе Бағдарлама бойынша оқу аяқталғанға дейін — осы оқиғалардың қайсысы бұрын орын алса, соған дейін қолданылады.
- 5.20. Үміткердің резервтік тізімге енгізілуі оған грант берілетініне кепілдік бермейді және Қорға мұндай үміткерге Бағдарламаға қатысу құқығын беру жөнінде міндеттеме жүктемейді.
- 5.21. Резервтік тізімге енгізілетін үміткерлердің санын Қор конкурстық іріктеу қорытындысы бойынша айқындайды;
- 5.22. Бағдарламаға бұрын қатысқан грант иегері белгіленген талаптар мен іріктеу критерийлеріне сәйкес келген жағдайда, кейінгі жылдары Бағдарламаға қатысу үшін жалпы негізде қайта өтінім беруге құқылы. Бағдарламаға бұрын қатысқан болуы өтінімді қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылмайды және грантты қайта алуға кепілдік бермейді;
- 5.23. Денсаулық жағдайына байланысты оқуды жалғастыруға мүмкіндік бермейтін форс-мажорлық мән-жайлар туындаған жағдайда, қатысушы бұл туралы Қорға дереу хабарлауға міндетті. Қатысушы Қорға алдын ала хабарламай оқуын тоқтатқан жағдайда, ол оқуға қатыспаған бір ай үшін курс құнын өтеуге міндетті.
- 5.24. Климаттық, техногендік және өзге де сипаттағы форс-мажорлық мән-жайларға байланысты мәселелер Қор мен Бағдарлама жеңімпазы арасында жасалатын шарт талаптарына сәйкес реттеледі.

VI. Оқу форматы

- 6.1. Сабақтар **2026 жылғы 4 қарашадан** басталады. Қатысушылар құрамы 15 (он бес) адамнан аспайтын топтарда онлайн форматта білім алады (бұдан әрі – курс). Қатысушылар ағылшын тілін меңгеру деңгейіне қарай топтарға бөлінеді.

6.2. Оқу топтары қатысушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін анықтау мақсатында өткізілген тестілеу нәтижелері бойынша қалыптастырылады.

6.3. Қараша айы ішінде оқытушы қатысушылардың ағылшын тілін меңгеру деңгейін іс жүзінде бағалайды және объективті бағалау нәтижелері негізінде оларды топтар арасында қайта бөледі.

6.4. Курс барысында топ құрамы оқытушының немесе Бағдарлама қатысушысының бастамасы бойынша өзгертілуі мүмкін, алайда мұндай өзгеріс тек оқытушымен және осы Ереженің 10.5-тармағында көрсетілген Қордың жауапты тұлғаларымен келісілген жағдайда жүзеге асырылады.

6.5. Онлайн сабақтардың форматы:

- 1) аптасына 2 (екі) рет;
- 2) сабақтың ұзақтығы – 90 (тоқсан) минут.

6.6. Оқу бағдарламасы IELTS емтиханының барлық бөлімдері бойынша дайындықты қамтиды:

- 1) Listening
- 2) Reading
- 3) Writing
- 4) Speaking

6.7. Оқу барысында Бағдарлама қатысушылары сынақ тестілеулерінен өтеді.

6.8. Сабақтардың нақты кестесін, өткізу форматын және ұйымдастыру талаптарын қатысушыларға Қор және/немесе Қордың білім беру саласындағы серіктесі хабарлайды.

6.9. Оқыту сапасына берілетін кепілдіктер Қор мен Ұлыбританияның «Bonas MacFarlane Education» тіл орталығы арасында жасалатын жеке шартпен реттеледі.

VII. Бағдарлама қорытындылары

7.1. Бағдарлама бойынша оқу аяқталғаннан кейін қатысушылардың оқу нәтижелеріне қорытынды бағалау жүргізіледі.

7.2. Бағдарлама қорытындысы бойынша **25 (жиырма бес) үздік қатысушы** айқындалады. Олардың IELTS емтиханын тапсыру ақысын Қор төлейді. IELTS емтиханын тапсыру ақысы төленетін қатысушылардың рейтингі қорытынды сынақ тестілеуінің нәтижесі – 60%, сабаққа қатысу көрсеткіші – 20% және оқу тапсырмаларын орындау нәтижесі – 20% негізінде қалыптастырылады.

7.3. IELTS емтиханының ақысын Қор өзі белгілеген тәртіппен және/немесе қатысушымен және/немесе емтихан қабылдайтын ұйыммен жасалған тиісті шартқа сәйкес төлейді.

7.4. Емтихан ақысын төлеу осы Ережеде белгіленген мерзімде IELTS емтиханын 1 (бір) рет тапсыруға ғана қолданылады.

VIII. Бағдарлама қатысушыларының міндеттері

8.1. Бағдарлама қатысушылары:

- 8.1.1. белгіленген кестеге сәйкес сабақтарға қатысуға;
- 8.1.2. оқу тапсырмаларын уақтылы орындауға;
- 8.1.3. тестілеулерге қатысуға;
- 8.1.4. бағдарлама қағидаларын сақтауға;
- 8.1.5. сабақтарға қатысуға кедергі келтіретін мән-жайлар туралы Қорға уақтылы хабарлауға;

- 8.1.6. IELTS емтиханын тапсыру ақысын Қордың қаржыландырғанына немесе қаржыландырмағанына қарамастан, емтихан нәтижесі бойынша алған балын Қорға хабарлауға;
- 8.1.7. осы Ереженің талаптарын және Қормен шарт жасасу көзделген жағдайда, сол шарттың талаптарын сақтауға міндетті.
- 8.2. Бағдарлама қатысушыларының сабаққа қатысуы мен оқу тапсырмаларын орындауын Қор білім беру саласындағы серіктесімен бірлесіп, бүкіл оқу кезеңі бойы бақылап отырады. Білім беру саласындағы серіктес қатысушылардың сабаққа қатысуын, оқу тапсырмаларын орындауы мен оларды уақтылы тапсыруын, сондай-ақ міндетті тестілеулерге қатысуын есепке алады.
- 8.3. Қатысу талаптарын жүйелі түрде бұзған жағдайда, Қор қатысушыны Бағдарламадан шығаруға құқылы.
- 8.4. Қатысушының мүмкіндігі болған жағдайда, сабаққа қатыса алмайтыны туралы Қорға және/немесе білім беру саласындағы серіктеске уақтылы хабарлауға міндетті.
- 8.5. Қатысу талаптарын жүйелі түрде бұзу деп мынадай жағдайлар танылуы мүмкін:
- бір ай ішінде дәлелді себепсіз үш немесе одан да көп сабаққа қатыспау;
 - оқу тапсырмаларын жүйелі түрде орындамау;
 - міндетті тестілеулерге қатыспау;
 - сабақ немесе тестілеу кезінде тәртіп қағидаларын бұзу;
 - Бағдарлама талаптарын өзге де елеулі түрде бұзу.
- 8.6. Тиісті негіздер болған жағдайда, Қор қатысушыға ескерту жасауға және/немесе оны Бағдарламадан шығару туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 8.7. Бағдарламадан шығару туралы шешім бұзушылықтың сипаты мен ауырлығы, оның салдары, сондай-ақ оның орын алу мән-жайлары ескеріле отырып қабылданады.
- 8.8. Қатысушы Бағдарламадан шығарылған жағдайда, оның Бағдарламаға қатысу құқығы Қордың шешімінде көрсетілген күннен бастап тоқтатылады.
- 8.9. Мүдделер қақтығысының алдын алу мақсатында Қор қызметкерлері, сондай-ақ олардың жақын туыстары Бағдарламаға қатысуға жіберілмейді. Қор қызметкерлері Бағдарлама қатысушыларын іріктеудің объективтілігі мен бейтараптығына ықпал етуі мүмкін жеке мүдделіліктің немесе өзге де мән-жайлардың бар екені туралы хабарлауға міндетті.

IX. Өзге талаптар

9.1. Қор өзіне мынадай құқықтарды қалдырады:

9.1.1. Бағдарлама талаптарына өзгерістер енгізу;

9.1.2. Бағдарлама талаптарына сәйкестікті растау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұрату;

9.1.3. Бағдарламаны іске асыруға қызметкерлерді, оқытушыларды, тәуелсіз сарапшыларды және білім беру саласындағы серіктестерді тарту;

9.1.4. осы Ережеде реттелмеген ұйымдастыру мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

9.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, өтінімдерді бағалау нәтижелері мен қабылданған шешімдерге қатысты жеке түсініктемелер мен егжей-тегжейлі түсіндірмелер бермеу;

9.2. Бағдарламаға қатысу қатысушының осы Ережемен толық танысқанын және оның талаптарымен келісетінін білдіреді.

9.3. Бағдарламаның жекелеген іс-шараларын белгіленген мерзімде өткізуге кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған жағдайда, Қор қатысушыларға хабарлай отырып, тиісті ұйымдастыру мерзімдерін өзгертуге құқылы.

9.4. Қордың конкурстық іріктеу мәселелері бойынша шешімдері осы Ереженің негізінде қабылданады және Конкурсты өткізу рәсімі шеңберінде түпкілікті болып табылады.

9.5. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес шешіледі.

Х. Демеушілік көмекті тағайындау тәртібі

10.1. Демеушілік көмек Бағдарлама конкурсының үздік қатысушылары арасынан **80 (сексен) жеңімпаздан аспайтын** тұлғаға тағайындалады. Бағдарлама жеңімпаздарының саны келіп түскен өтінімдердің саны мен сапасына, сондай-ақ Қордың Сараптамалық кеңесінің шешіміне қарай азайтылуы мүмкін.

10.2. Бағдарлама бойынша оқу басталғанға дейін Қор мен Бағдарлама жеңімпазы арасында Демеушілік көмек көрсету туралы шарт (бұдан әрі – «Шарт») жасалады.

10.3. Грант алушы Демеушілік көмек көрсету туралы шарт жасалғаннан кейін Бағдарлама бойынша оқудан бас тартқан жағдайда, аталған Шарт бұзылуға жатады, ал Қордың Бағдарлама бойынша оқу ақысын төлеуге бөлген қаражаты, егер Тараптар жазбаша түрде өзгеше келіспесе, ағымдағы оқу айы үшін Қорға толық көлемде қайтарылуға тиіс.

10.4. Оқу грантын алған Бағдарлама жеңімпазы Қормен жасалған Шарттың талаптарын сақтауға міндетті, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей:

- 1) курс сабақтарына белгіленген кестеге сәйкес қатысуға және дәлелді себепсіз сабақтан қалмауға;
- 2) курс аясындағы барлық тапсырмаларды, оның ішінде өз бетінше орындауға арналған тапсырмаларды жауапкершілікпен әрі белгіленген мерзімде орындауға;
- 3) курс аясында көзделген емтихандарды белгіленген мерзімде тапсыруға;
- 4) курс аясында белгіленген өзге де міндеттемелер мен қағидаларды сақтауға;
- 5) Қордың оң беделін қалыптастыруға және нығайтуға ықпал ететін кез келген қолайлы нысанда, оның ішінде өзінің әлеуметтік желілеріндегі жарияланымдар арқылы Қор туралы ақпарат таратуға, сондай-ақ Қор ұсынған ақпараттық материалдарды жариялауға және таратуға;
- 6) Қор конкурс аяқталып, қатысушыға Бағдарлама жеңімпазы мәртебесі берілген сәттен бастап оқу аяқталғаннан кейінгі 1 (бір) апта ішінде өзінің әлеуметтік желілерінде Қордың және оның құрылтайшысының **#yessenovfoundation, #galimzhanyessenov** хэштегтерін пайдалана отырып, кемінде 2 (екі) жарияланым орналастыруды құптайды;
- 7) осы Ереженің 10.4-тармағында көрсетілген, бенефициарлармен жұмыс істеуге жауапты Қор өкілдерімен белсенді өзара іс-қимыл жасап, туындаған сұрақтарға уақтылы жауап беруге және қол жеткізген нәтижелері туралы ақпарат ұсынуға;
- 8) өзінің кәсіби қызметтегі және кәсіби қызметтен тыс салалардағы жетістіктері туралы Қорға хабарлап отыруға;
- 9) Қор қатысушымен алдын ала келісе отырып, оны коммуникациялық іс-шараларға (сұхбаттарға, фото және бейнетүсірілімдерге, ақпараттық сессияларға) қатысуға шақыра алады. Мұндай іс-шараларға қатысу ерікті болып табылады. Түсірілген фото және бейнематериалдар кейіннен Қордың әлеуметтік желілерінде және жарияланымдарында пайдаланылуы мүмкін;
- 10) Қордың сұрау салуы бойынша қажетті ақпаратты өтінімде көрсетілген электрондық поштаға сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға;
- 11) Қордың сұрау салуы бойынша Қордың қызметі мен бағдарламаларын іске асыруға жәрдем көрсетуге;
- 12) Қордың сұрау салуы бойынша жеке фотосуреттерін, мәтіндік және бейнематериалдарын (оқу, жұмыс, тағылымдамадан өту орындарынан, қоғамдық іс-шаралардан және т.б.) ұсынуға (фото және бейнематериалдардағы адамдардың сыртқы келбеті мен киімі ұқыпты әрі зайырлы сипатта болуы тиіс), сондай-ақ

Қазақстан жастарын ынталандыруға бағытталған жетістік тарихтары мен өзге де жарияланымдарды Қордың ақпараттық ресурстарында орналастыру мақсатында Қор іс-шаралары барысында фото және бейнетүсірілімдерге қатысуға;

13) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Бағдарлама жеңімпазы мен Қор қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзатын немесе оның бұзылуына ықпал ететін әрекеттерді жасаудан және осындай әрекеттерге итермелеуден бас тартады, сондай-ақ қандай да бір заңсыз артықшылықтарға ие болу немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу үшін кез келген тұлғаның әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету мақсатында тікелей немесе жанама түрде қандай да бір тұлғаларға ақша немесе өзге де құндылықтар төлемейді, төлеуді ұсынбайды және олардың төленуіне жол бермейді;

10.5. Бағдарламаға және (немесе) осы Ережеге қатысты барлық сұрақтар бойынша Қордың төменде көрсетілген уәкілетті тұлғаларына мына байланыс деректері арқылы хабарласуға болады:

- Султан Айгерім Айдарқызы +7 701 627 96 07, aigerim.s@yessenovfoundation.org.

- Грищенко Ирина: +7 771 775 1815, irina.g@yessenovfoundation.org.

10.6. Қор үміткерлер және/немесе Бағдарлама жеңімпаздары ұсынған ақпараттың дұрыстығын заңмен рұқсат етілген кез келген тәсілмен тексеруге, ал ұсынылған ақпараттың шындыққа сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, кез келген үміткерді Бағдарлама бойынша конкурстық іріктеуден (оның кез келген кезеңінде) және/немесе Бағдарламадан шығаруға құқылы.

10.7. Қор Бағдарлама грантына үміткерлерге қатысты қабылданған шешімдердің уәждері мен себептері жөнінде түсініктеме бермеу құқығын өзіне қалдырады;

10.8. Бағдарламаны ұйымдастыруға және іске асыруға байланысты, осы Ережеде реттелмеген мәселелерді Қор Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес шешеді.